

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты туралы<\*>

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 12 қараша N 1374. Құрылымы және штат санына (уақытша) өзгертулер енгізілді - ҚРҰ-нің 1997.02.27. N 275 қаулысымен. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.03.17. N 337 қаулысымен.

Мемлекеттік басқару жүйелерінің тиімділігін арттыру, республикалық бюджет қаражатын үнемдеу мақсатында және "Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру және мемлекеттік органдардың санын қысқарту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қазандағы N 3168 Жарлығы мен "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 Конституциялық заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының қоса беріліп отырған құрылымы мен қызметкерлердің штат саны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Басшысы:  
- Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының штат кестесін он күн мерзім ішінде бекітсін;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы Қаулысының Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрынғы қабылдаған шешімдерімен сәйкес келтірілуі жөніндегі ұсыныстарды бір ай мерзім ішінде енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының босатылған қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жеңілдіктер мен өтемдер беріледі деп белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 20 қазандағы N 1357 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

